

И. А. КУКУШКИН, В. Г. ЛОМАН

(Сарыарқа археология институты,
академик Е. А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университет, Қарағанды, Қазақстан)

ОРТАЛЫҚ ҚАЗАҚСТАНДА ҚОЛА ДӘУІРІ ҚОРҒАНДАРЫНЫҢ ДӨНГЕЛЕКТІ АРБАЛАР КЕШЕНІНІҢ ЭЛЕМЕНТТЕРІ

Аннотация. Б.д.д. III–II мыңжылдық аралығында соғысқа пайдаланылатын әскери атты арбалар бастапқы Еуразия далаларында мал шаруашылығымен айналысатын ортада қолданыла бастады, көп ұзамай ұлан-байтақ аумаққа тарайды. Жерлеу рәсімінде дөңгелекті арба кешені – дөңгелекті арба, қос-қостан жегілген аттардың сүйектері мен жақын және алыс қашықтықтан соғысуға арналған қару-жарақтар кездеседі.

Қола дәуірдің үлкен обаларын зерттеу үш мәдени-жылнамалық көкжиекті белгілеуге мүмкіндік береді.

Бірінші мәдени-жылнамалық көкжиекке ежелгі шұңқырлы-афанасьевтік ұқсастығы бар Жыланды 1 қорымының 1 қорғаны, Жыланды 3 қорымының 1 қорғаны жатады.

Екінші хронологиялық көкжиекке дөңгелекті арба кешендерінен мол мағлұмат беретін Ащысу, Танабай, Нұраталды 1 қорымдары жатады. Обалар материалдарына екі аттың қоса жерленуімен, сондай-ақ қару-жарақтар мен еңбек құралдарын қола дәуіріне тән қоланыя құю технологиясы инновациясын қолданумен ерекшеленеді.

Үшінші мәдени-жылнамалық көкжиекке алакөл-федоров синкреттік белгілерге ие Жыланды 4 қорымының қорғандары жатады. Дөңгелек арба кешенінің элементтері сүйек және мүйізден жасалған ат әбзелдері ауыздықтың жүген құрылымына қайыс белдік тағылады.

Тірек сөздер: қола дәуірі, Орталық Қазақстан, дөңгелек арба, жылқы әбзелі, қыш.

Ключевые слова: эпоха бронзы, Центральный Казахстан, колесница, конская узда, керамика.

Keywords: Bronze Age, Central Kazakhstan, the chariot, harness, ceramics.

Қола дәуірінің маңызды жетістіктерінің бірі шабақты дөңгелектің пайда болуымен анағұрлым жеңіл жүрісті арбалардың қолданысқа енгізілуі болып табылады. Осы жаңа көлік түрін тартып жүргізуге аттар жегілетін болады. Б.д.д. III–II мыңжылдық аралығында соғысқа пайдаланылатын әскери атты арбалар бастапқыда Еуроазия далаларында мал шаруашылығымен айналысатын ортада қолданыла бастайды да, көп ұзамай ұлан-байтақ аумаққа: Алдыңғы Азия мен Балқан-Дунай өңірінен батысында Орал-Қазақстан далалары мен шығысында Орта Азияға дейінгі аймаққа кеңінен таралады.

Қола дәуірінде Еуроазияның далалы және орманды далаларында осы дөңгелекті көлік түрін дөңгелекті кешен деп аталып кеткен жерлеу дәстүрлерінде кеңінен көрініс табады. Тарихи ойға салып сараласақ, бұл дөңгелекті кешен – ат жегілген дөңгелекті арба мен дөңгелекті арба мінген жауынгердің қару-жарақтарынан тұрады. Археологиялық дереккөздерге сүйенсек, ол дөңгелектер қалдығы, қос-қостан жегілген аттардың сүйектері мен жақын және алыс қашықтықтан соғысуға арналған әртүрлі қарулар болып келеді [1, с. 57].

Еуроазияның дөңгелекті арбалы ескерткіштері өзіне тән белгілері бар жеке археологиялық мәдениеттің бір бөлігі болып табылады. Оңтүстік Оралда ол – сынтасты және петров мәдениеті, Солтүстік Қазақстанда – негізінен петровтық типтегі ескерткіштер, ал Орталық Қазақстанда – ежелгі-андроновтық нұртай мәдениеті болып кездеседі.

Қос аттан жегілген, қару-жарақты дөңгелекті арбаның толық «жасақталған» дөңгелекті кешен түрі өте сирек ұшырасады. Бұл жерлеу орындарының орасан зор тонаушылыққа ұшырауына, сонымен бірге ежелгі дәуірде кеңінен таралған «pars pro toto» – «тұтастың бір бөлігі ғана» қағидатына байланысты. Сонымен қатар әдетте тас жәшік немесе топырақты шұңқыр түрінде кездесетін қабірлерде құрбандыққа шалынған, арбаға жегілген аттар көбірек ұшырасады.

Кейінгі жылдары қола дәуірінің ірі-ірі қорғандарын кең көлемде зерттеу жұмыстары үш мәдени-хронологиялық көкжиекті бөліп көрсетуге мүмкіндік туғызып отыр. Әрбір кезеңнің ескерткіштерінің өзіне ғана тән сипаттары болады, олар жерлеу дәстүрлерінде, құрылымдық шешімдерінде, заттай мүліктері мен керамикасында айқын көрініс тауып отырады.

Бірінші мәдени-хронологиялық көкжиекке Жыланды 1 қорымының 1 қорғаны, Жыланды 3 қорымының 1 қорғаны жатады. Жерлеу дәстүрі құрылым-дарында шағылған тастардан қаланған екі

шоғырлы қоршау тұрғызылған. Қайтыс болған адамдар шығыстан батысқа қарай қаратылған тас жәшіктерде жалғыз жатқызылып жерленген. Бірде қоладан жасалған дөңгелек сырғалар мен керамикалық ыдыстармен бірге, аяқтары тізесінен бүгіліп сол жаққа қарай қисайған күйде адам сүйектерінің шалқасынан жатқан түрі кездескен.

Осыған ұқсас көріністер көпшілік жағдайда Еуроазияның далалық белдеулерінде ерте және орта қола дәуірінің тарихи-мәдени мазмұнын құрайтын ежелгі шұңқырлы-афанасьевтік ортада ұшырасып отырады.

Соңғы уақытқа дейін бұл кезеңнің бірден-бір ескерткіші Орталық Қазақстанда шалқасынан жатқызып жерлеу әдісі тән Қарағаш қорғаны, бұл афанасьевтік үлгідегі шұңқырда жерлеу мүліктері мен қабір үсті құрылымдарымен ерекшеленеді [2, с. 34]. Көне дәуірлік және нақты өзіне тән бет-бейнесімен белгілі болған Жыланды қорғандарының ашылуы ежелгі шұңқырлы орта мен дөңгелекті арба мәдениетінің көкжиегі арасында пайда болған қуысты толтыруға сөзсіз мүмкіндік береді. Қола сырғаларға ұқсайтын әшекейлер әзірге табылған жоқ. Бір қызығы, керамикалық ыдыстардың бірқатар белгілері нұра-федоров бейнесіндегі андроновтық ыдыстарға жақын да болуы мүмкін. Мұндай ескерткіштерге әрі қарай зерттеу жұмыстарын жалғастыру Орталық Қазақстандағы айрықша жыланды түрлерін бөліп алуға мүмкіндік беруі де тиіс, ал оларды андронов кезеңінің алдына жатқызуға және табылған уақытын б.д.д. III мыңжылдықтың соңғы ширегіне келтіруге болады.

Мазмұны жағынан шұңқырлы мәдениетке жақындау болып келетін Жыланды ескерткіштерін ашудың маңыздылығы оның Далалық Еуроазияда мәдени-генетикалық үдерістерден хабар алуға мүмкіндік береді. Сонымен бірге ол мал шаруашылығының көшпелі түріне, металлургияның өркендеуіне, ең бастысы, дөңгелекті көліктердің кеңінен таралуына байланысты болады, сонымен бірге әскери дөңгелекті арбалардың пайда болуына және Еуроазияның кең-байтақ далалы аймақтарында б.д.д. III мыңжылдықта аса қуатты көші-қон үдерістерінің пайда болуына әкеледі.

Екінші хронологиялық көкжиекке Нұраталды I қорымында зерттелген қорған кіреді. Ол Сарыарқадағы дөңгелекті арба кешендері туралы толық түсінік береді.

Қорған үйіндісінің астынан бір ересек адам мен үш бала жерленген, плитадан қаланған төрт-бұрышты қоршау табылады. Сонымен бірге жерленген бір баланың жоғары әлеуметтік ортадан шыққаны байқалады, ол өте кең тас жәшікке салынып ер адаммен бірге қойылған екен. Бірге жерленген мүліктері астрагалдар болуына қарағанда оның ұл бала екені көрініп тұр.

Осы қайтыс болған екеуі де жақын туыстар екені және бір әскери-аристократиялық топқа кіретін дөңгелекті арба жауынгерлері екені байқалады. Бұл ересек адам мен баланың арасына бастарын батысқа қаратып екі атты қоса жерлеуден көрінеді. Ал жерленген аттардың жастарының айырмашылығы да көзге ұрады, осылайша жерлеу «айнасы» да алдын ала ойластырылғанға ұқсайды. Аттардың қатарластыра жатқызылуы да дөңгелекті арбаның рөлін айқындап тұрғандай.

Екінші хронологиялық көкжиекке сонымен бірге Сарыарқаның дөңгелекті арба кешендерінен мол мағлұмат беретін, Ащысу, Нұраталды I, Танабай қорымдарында зерттеу жұмыстары жүргізілген қорғандар жатқызылады.

Қорғандар астының орталық бөліктерінде әдетте арбалы жауынгерлердің әскери-аристократиялық тегіне кіретін бір-екі адам ғана жерленеді. Адамдардың бұл тобы екі аттың қоса жерленуімен ерекшеленеді. Аттардың қосақталып жерленуі, сөзсіз дөңгелекті арбаға жегілгенінен хабар береді. Сонымен бірге қашықтан және жақыннан ұрыс салуға арналған найза ұштары, дротиктер, ілмектер, пышақтар, жебе ұштары да қоса көміліп отырылған. Қару-жарақтар мен еңбек құралдары қола дәуіріне тән қоланы құю технологиясымен әзірленеді.

Сүйектер мен мүйіздерден шеберлер әскери дөңгелекті арбаға жегілген аттарды айдап отыруға арналған бірнеше шабақты ауыздықтар да жасап шығарады. Бұйымның сыртқы беттері геометриялық ою-өрнекпен безендіріледі.

Нұраталды қорғанынан ескерткішке мықтап бекітілген ірі қола қаламасының табылуы өте маңызды. Мұнда арбалы жауынгердің қару-жарақтарына кіретін найза мен дротиктердің ұштары, екіжүзді пышақтар түріндегі қоладан жасалған бұйымдар әскери дөңгелекті арбалар дәуірінің «милитаристік» бет-бейнесін айқындайды.

Осыған ұқсас жекелеген санаттағы қола бұйымдар Орталық Қазақстанның нұртай ескерткіштерінде [3, с. 105], Солтүстік Қазақстанның [4, с. 56] және Оңтүстік Оралдың [5, с. 70] петров мәдениетінің материалдарында ұшырасады. Ростовка с. қорымынан табылған, нұртай мәдениетін

ұстанушылар мен Батыс Сібірдің сейминді-турбинді тұрғындарының металл өңдеу және жерлеу дәстүрлеріне тән көріністер қызығушылық тудырады [6, с. 34, 43].

Екі жағдайда да кельттердің найза, дротиктер ұштарынан тұратын қола бұйымдар жерлеу орындарынан бөлек жерде Ростовка қорымынан табылады. Бұйымдар бір-біріне қосақталып, жүздері жерге қаратылып орналастырылған [6, с. 34, 43], бұл олардың алдын ала матаға оралғанын немесе арнайы қапқа салынғанын көрсетеді. Бір қызығы, бір бұйымдардың ішінен Нұраталды мәдениетіне ұқсас төрт қырлы қола қашау да табылады.

Бұл үйлестікті кездейсоқ емес деп те ойлауға болады. Мұнда тек жекелеген өңірлерде тұратын халықтың арасындағы эпизодтық мәдени-шаруашылық байланыстар ғана емес, сонымен бірге орталық-қазақстандық және сейминді-турбинді металлургия көздері, көші-қон үдерістерінің векторлары, жалпы діни-мифологиялық ұғымдардың негізі де жатуы мүмкін.

Аттардың қосақталып жерленуі, керамика мен арбалы жауынгердің қару-жарақтары табылған Нұраталды қорғанына жүргізілген зерттеу жұмыстары оңтүстік бағыттағы нұртайлық дөңгелекті арба мәдениетінің шекарасын елеулі түрде кеңіте түседі. Барлық материалдар жабық археологиялық кешеннен табылады, бұл ескерткіштерді Орталық Қазақстандағы ежелгі қола дәуірінің абсолютті хронологиясына қатысты мәселелерді шешуде негізгі реперлері етіп көрсетеді. Табылған материалдар қорғанды нұртай дөңгелекті арба мәдениетіне кіргізуге және оның уақытын б.д.д. II мыңжылдықтың бірінші ширегіне жатқызуға мүмкіндік береді.

Үшінші хронологиялық көкжиекке Жыланды 4 қорымының 1, 2 қорғандары жатқызылады. Бұл жерден бес тас жәшік табылады, оның төртеуі ересек адамға, біреуі – жасөспірім балаға тиесілі болады. Мұнда төрт жерлеу қабірі жер бетіне орналасқан, бұл андроновтық жерлеу дәстүріне ұқсамайды, бұны жергілікті халықтың ой-сана өзгерісінен туған көрініс деп те бағалауға болады. Сонымен бірге ыдыстарда екі мәдениет дәстүрі: нұра-федоров және алакөл-атасу мәдениеті айқын көрініс тапқан.

Бірінші қорғанда сүйектен және мүйізден жасалған, ат әбзелдерінің құрамдас бөлігі болып табылатын бұйымдар аса қызығушылық тудырады. Орталық бөлігінде айналдыра төрт нүктемен ою-өрнек салынған, ромбы тәріздес өзек пен шеңберлі мүйізден жасалғандары да бар.

Қола дәуірінің ат әбзелдерін қайта құрастыруға байланысты алдыңғы зерттеулердің негізінде [7, с. 204-210; 8, с. 238-291] «жыланды» аттарының жүгендері қайта құрастырылады. Мұнда жүгеннің өзіндік қасиеттерін елеулі түрде арттыратын мүйізден жасалған өзек пен арасын бөліп тұратын сақиналар қосымша элементтер болып табылады.

Қалқаншалы ауыздық ортаңғы жағында саңылауы бар дөңгелек пішінді болып келеді. Қалқаншаның бір шетіне қатты бекітілген екі тұтас шабақ көрініс береді. Қалқаншалы ауыздықтың көпшілігінде бүгінгі күнге дейін 3-4 шабақтары болады, кейде екі шабақтысы да кездесіп қалады. Мысалы, Оңтүстік Оралдағы Қисық көл қорымында кездескен [5, с. 55]. Қалқаншаның да, оның шабақтарының да жалтырап тұратыны оларды пайдалану кезіндегі органикалық негіздерге үйкелісінен пайда болады деп жорамалдау керек.

Ауыздықтың қосымша екі саңылауымен жүген құрылымына қайыс белдік тағылады. Орталық ауыздық саңылауы арқылы қалқаншаға қайыс ауыздық өткізіліп, атты басқару тізгінімен біріктіріледі. Біріктірілген жерді жіппен тігіп немесе түйіндеп тастауға болады. Дөңгелек-көпқырлы комплектілі өзектің табылауы оны бекітудің басқа да әдістеріне жол ашады. Өзектің орталық бөлігі тепе-теңдік үшін қажет болады. Ол ұзақ уақыт тегістелген органикалық қабатпен үйкеліске түскендіктен өте қатты жалтырап тұрады. Бұл жерде жалпақ қырлы өзек ауыздыққа бекітіледі, ал ортаңғы жағына тізгін жалғанады да, өзек олардың ортасында қалады. Ол бір мезгілде бірнеше қызмет атқара алады.

Ауыздықтың саңылауы арқылы оған жалғасқан тетіктер сусып кетпеуі үшін салынған бекітпелер атты айдауда да, қайыстардың ширатылып кетпеуіне де септігін тигізіп отырады.

Ауыздықтың орталық саңылауының диаметрі мен өзектің дөңгелек ойықтары өздерінің параметрлеріне сәйкес келіп отырады. Жүгеннің кеңірігі мен кекіл ара қайысы (капсуль) жоғарырақ орналастырылады да, Грекия, Тиринф ғимараты қабырғасындағы фрагментте көрсетілгендей [9, с. 270]. көлденең қайыспен ауыздыққа бекітіледі.

Ірі жануардың сүйегінен жасалған сақинаның тек бір бүйірі қатты жылтырайды да, екінші бүйірі көмескі тартып тұрады. Ол ат әбзеліндегі жүген жақтауының әртүрлі қызмет атқаруының белгісі болып табылады.

Жыландыда табылған ауыздықтағы шабақтар саны мен оның басқа да қасиеттері сол кезеңдегі ат әбзелдерінің селекциясын құрайды. Халық атты дөңгелекті арбаға жегіп айдаудың неғұрлым жеңіл түріне көше бастайды.

Жыланды 4 қорымында табылған қорғандардың материалдары Сарыарқадағы дөңгелекті арба кешендерінің қалыптасуы мен динамикасынан хабар береді және оларды б.д.д. II мыңжылдықтың екінші ширегіне жатқызуға мүмкіндік туғызады.

Жалпы алғанда, ат әбзеліндегі ауыздықты бір жүйе құрайтын элемент ретінде қарастырып, сол кезең үшін көліктің жеңіл де сапалы «дөңгелекті тиімділікке» қол жеткізе отырып, екі дөңгелекті жеңіл арбаның қолданысқа енуіне мүмкіндік туады. Бұл жаңалықты қола дәуірінің инновациялық бір табысы деп қарауға және оны бүгінгі өркениеттің негізін қалаған ежелгі дүниенің іргелі жаңалығының қатарына қосуға да болады.

ӘДЕБИЕТ

1 Чечушков И.В. Колесницы Евразийских степей эпохи бронзы // Вестник археологии, антропологии и этнографии. – Тюмень, 2011. – Вып. 2. – С. 57-65.

2 Евдокимов В.В., Ломан В.Г. Раскопки ямного кургана в Карагандинской области // Вопросы археологии Центрального и Северного Казахстана. – Караганда, 1989. – С. 34-46.

3 Кукушкин И.А. Металлические изделия раннеандроновского могильника Ащису (Центральный Казахстан) // РА. – 2011. – № 2. – С. 103-109.

4 Зданович Г.Б. Основные характеристики петровских комплексов Урало-Казахстанских степей (к вопросу о выделении петровской культуры) // Бронзовый век степной полосы Урало-Иртышского междуречья. – Челябинск, 1983. – С. 48-68.

5 Виноградов Н.Б. Могильник бронзового века Кривое Озеро в Южном Зауралье. – Челябинск, 2003. – 362 с.

6 Матющенко В.И., Синицина Г.В. Могильник у деревни Ростовка вблизи Омска. – Томск, 1988. – 136 с.

7 Елимахов А.В., Чечушков И.В. К вопросу о способах управления пароконной колесницей бронзового века // Происхождение и распространение колесничества. – Луганск, 2008. – С. 204-210.

8 Усачук А.Н. Реконструкция крепления древнейших псалиев в системе ремней оголовья лошади: противоречия и перспективы // Кони, колесницы и колесничие степей Евразии. – Екатеринбург-Самара-Донецк, 2010. – С. 238-291.

9 Makkey J. The early Mycenaean rulers and the contemporary early Iranians of the Northeast // Traktata Minuscula. 22. – Budapest, 2000. – P. 1-71.

REFERENCES

1 Chechushkov I.V. Kolesnitsy Evraziiskih stepei epohi bronzy. Vestnik arheologii, antropologii i etnografii, 2011. N 2. S. 57-65. (in Russ.)

2 Evdokimov V.V., Loman V.G. Raskopki yamnogo kurgana v Karagandinskoi oblasti. Voprosy arheologii Central'nogo i Severnogo Kazahstana. Karaganda, 1989. S. 34-46. (in Russ.)

3 Kukushkin I.A. Metallicheskie izdeliya ranneandronovskogo mogil'nika Ashchisu (Tsentral'nyi Kazakhstan). Rossijskaya arheologiya. 2011. N 2. S. 103-109. (in Russ.)

4 Zdanovich G.B. Osnovnye harakteristiki petrovskih kompleksov Uralo-Kazakhstanskih stepei (k voprosu o vydelenii petrovskoi kul'tury). Bronzovyy vek stepnoj polosy Uralo-Irtyshskogo mezhdurech'ya. 1983. S. 48-68. (in Russ.)

5 Vinogradov N.B. Mogil'nik bronzovogo veka Krivoe Ozero v Yuzhnom Zaural'e. Chelyabinsk, 2003. 362 s. (in Russ.)

6 Matyuschenko V.I., Sinitsyna G.V. Mogil'nik u derevni Rostovka vblizi Omska, 1988. 136 p. (in Russ.)

7 Epimahov A.V., Chechushkov I.V. K voprosu o sposobah upravleniya parokonnoi kolesnitsei bronzovogo veka. Proishozhdenie i rasprostranenie kolesnichestva. Lugansk, 2008. S. 204-210. (in Russ.)

8 Usachuk A.N. Rekonstruktsiya krepneniya drevneishih psaliev v sisteme remnei ogolov'ya loshadi: protivorechiya i perspektivy. Koni, kolesnitsy i kolesnicchie stepej Evrazii. Ekaterinburg-Samara-Donetsk, 2010. P. 238-291. (in Russ.)

9 Makkey J. The early Mycenaean rulers and the contemporary early Iranians of the Northeast. Traktata Minuscula. 22. Budapest, 2000. P. 1-71.

И. А. Кукушкин, В. Г. Ломан

(Сарыарқинский археологический институт,

Карагандинский государственный университет им. акад. Е. А. Букетова, Караганда, Казахстан)

ЭЛЕМЕНТЫ КОЛЕСНИЧНОГО КОМПЛЕКСА В КУРГАНАХ ЭПОХИ БРОНЗЫ ЦЕНТРАЛЬНОГО КАЗАХСТАНА

Резюме

На рубеже III-II тыс. до н.э. боевые конные колесницы появляются в степях Евразии в среде скотоводческого населения и распространяются на огромной по протяженности территории. В погребальном обряде колесничный комплекс представлен остатками колесниц, костяками упряжных лошадей, псалиями и

оружием дистанционного и ближнего боя. Исследования крупных курганов эпохи бронзы позволили выделить три культурно-хронологических горизонта. Памятники каждого периода имеют свои характерные особенности, отразившиеся в погребальном обряде, инвентаре и керамике.

К первому культурно-хронологическому горизонту отнесены курган 1, могильника Жыланды 1; курган 1, могильника Жыланды 3, имеющих определенные аналогии с древностями ямно-афанасьевского круга.

Ко второму горизонту отнесены памятники с яркой колесничной атрибутикой, такие как могильники Ащису, Танабай, Нураталды 1. В материалах курганов зафиксированы парные захоронения лошадей, а также оружие и орудия труда, изготовленные из бронзы с применением инновационных для эпохи бронзы технологий.

Третий культурно-хронологический горизонт характеризуется материалами могильника Жыланды 4, имеющих синкретические алакульско-федоровские черты. Элементы колесничного комплекса представлены изделиями из кости и рога, входившими в конструкцию ременного оголовья лошадиной упряжи.

Ключевые слова: эпоха бронзы, Центральный Казахстан, колесница, конская узда, керамика.

I. A. Kukushkin, V. G. Loman

(Saryarka Archaeological Institute,
academician E. A. Buketov Karaganda state university, Karaganda, Kazakhstan)

ELEMENTS OF THE CHARIOT COMPLEX IN THE BRONZE AGE BARROWS OF CENTRAL KAZAKHSTAN

Summary

On boundary of the III–II millennia BC fighting horse chariots appears in the steppes of Eurasia among the cattle breeding population and extends to enormous distances. In the funeral rite chariot complex is represented by the remains of chariots, skeletons of coach horses, cheek pieces and the weapon of remote and close-in fight. Researches of large barrows of the Bronze Age have allowed to allocate three cultural-chronological horizons. Sites of each period have the prominent features reflected in a funeral ceremony, stock and ceramics.

The first cultural-chronological horizon is attributed with barrow 1 of burial ground Zhylandy 1, and barrow 1 of burial ground Zhylandy 3, which have certain analogies with the antiquities of jamny-afanasyev circle.

The second horizon is attributed with bright chariot attributes sites such as burial grounds of Aschisu, Tanabaj, Nura-Taldy 1. In materials of barrows pair burial places of horses, and also the weapon and the instruments of labour made of bronze with application of innovative technologies for the Bronze Age are fixed.

The third cultural-chronological horizon is characterized by materials of a burial ground of Zhylandy 4 having syncretic alakul-fedorov features. Elements of chariot complex are represented by products from a bone and a horn, entering into the design of the belt on the horse's harness.

Keywords: Bronze Age, Central Kazakhstan, the chariot, harness, ceramics.

Поступила 10.09.2014 г.